

ТРЕБОВАНИЯ ОХРАНЫ ТРУДА И ПРОИЗВОДСТВЕННОЙ БЕЗОПАСНОСТИ ДОЛЖНЫ СОБЛЮДАТЬСЯ НА ВСЕХ УРОВНЯХ, НЕЗАВИСИМО ОТ ДОЛЖНОСТИ. БЛАГОДАРЯ СОВМЕСТНЫМ УСИЛИЯМ МЫ СМОЖЕМ СФОРМИРОВАТЬ ПОЗИТИВНУЮ КУЛЬТУРУ ОХРАНЫ ТРУДА, ВОВЛЕКАЯ РАБОТНИКОВ В ДАННЫЙ ПРОЦЕСС.

Батыр КОТЫРЕВ,
главный инженер АО «НК «ҚТЖ»



№72 (2787)
16/09/2022

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

ДОҢҒАЛАҚ ЖҰПТАРЫН ЖӨНДЕЙТІН ШЕБЕРХАНА АШЫЛДЫ

Арыс қаласындағы вагон жөндеу депосы базасында вагон доңғалақтарын күрделі жөндеуден өткізетін шеберхана іске қосылды. Сала мамандарының айтуынша, бұл – оңтүстік өңірде ашылып отырған алғашқы жөндеу шеберханасы.



Нұрлыбек ДОСЫБАЙ,
Арыс

Жалпы 600 шаршы метр аумақта орналасқан шеберханада үлкенді-кішілі 7 өндірістік станок қызмет көрсетеді. Вагон жөндеу депосында қазіргі кезде 270 адам қызмет етсе, жаңа цехтың іске қосылуына орай алдағы уақытта тағы 25 маманды тұрақты жұмысқа қабылдау жоспарланып отыр.

Жаңа өндіріс орнының ашылу салтанатына «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС «Шымкент жүк тасымалы бөлімшесі» филиалы директорының орынбасары Абзал Салықбаев, «Қазтеміртранс» АҚ бас инженері Нұрлан Жүсіпов, «Astana Railways Services» ЖШС бас директоры Бауыржан Мұсағитов, Арыс қаласы әкімінің орынбасары Ерғали Қуандық және өзге де серіктес кәсіпорын өкілдері қатысты.

Доңғалақ жұптарын күрделі жөндеуден өткізетін мұндай кәсіпорынның Арыс қаласында іске қосылуы – құптарлық

жайт. Өйткені оған тікелей себеп болатын факторлар жеткілікті. «Astana Railways Services» ЖШС бас директоры Бауыржан Мұсағитовтың пікірінше, Алматы мен Қызылорда облысының аралығындағы темір жол шару-



ашылығында мұндай деңгейде қызмет көрсететін кәсіпорын жоқ. Ал Арыс – Орта Азияның қақпасы атанған нағыз

тоғыз жолдың торабы. Шығыс пен батысқа, оңтүстік пен солтүстікке қарай жөңкіліп жатқан жүк вагондарының

доңғалағын күрделі жөндеуден өткізетін кәсіпорын дәл осы жерде сөзсіз қажет көрінеді. Осы кезге дейін Арыс маңында істен шыққан доңғалақ жұптарын жөндеу үшін вагон иелері шалғайда орналасқан кәсіпорындарға тасымалдап, зуре-сарсаңға түсіп келген.

«Astana Railways Services» ЖШС «Арыс вагон жөндеу депосы» филиалының директоры Әділхан Ибрагимов бұл шеберхана доңғалақ жұптарын күрделі жөндеуге арналған стратегиялық маңызға ие өндірістік нысан екенін атап өтті. «Елімізде вагон паркін қалыптастыруға ұстау үшін ең алдымен вагон доңғалақтарының жетіспейтіні белгілі. Осы

олқылықтың орнын толтыру мақсатында біз жыл басында оңтүстік өңірде баламасы жоқ вагон доңғалақтарын жөндеу шеберханасын құруды көздедік және соған қол жеткіздік. Бұл жерде доңғалақ жұптары ағымдағы, орташа және күрделі жөндеуден өткізіледі. Демек, ендігі жерде вагон паркі иелері доңғалақ жұбы мен вагондарды жөндеу үшін уақыт пен қосымша шығынға жол бермей, «бір терезе» қағидасымен қызметті тиімді пайдаланатын болады», – деді ол.

Салтанатты шара аясында қонақтар назарына шеберхананың жұмыс істеу процесі таныстырылды. *Суреттерді түсірген автор*

ВСЕ ДЛЯ ПАССАЖИРОВ



Более 170 человек прибыли из Алматинской области на Святую мессу Папы Римского Франциска на скоростном поезде «Тальго».



Расстояние в 1 200 километров поезд преодолевает за 15 часов. Компания «Пассажирские перевозки» создала комфортные условия для пассажиров. Паломники, прибывшие для участия в мессе, уже успели оценить внедренный национальным перевозчиком европейский стандарт.

– Это особенный подарок для нас – принять участие в мессе с главой католической церкви. Мы тщательно готовились к сегодняшнему дню, в первую очередь духовно. Поэтому всем приходом из Алматинской епархии решили отправиться в путь на поезде. Ведь это не только экономичный, но и быстрый способ доехать до нужного места. Кроме того, пассажирам поездов не надо регистрировать свой багаж, – делится сестра из Алматинской епархии Анна Ким.

– Я часто езжу на «Тальго». Все сделано для пассажиров: есть кнопки вызова проводника, мониторы, электрические розетки и USB-порты. К тому же, как вы знаете, преимущество этих вагонов – комфорт и скорость, – добавил священник католической церкви Мануэль Лопес-Баракас.

Напомним, священная месса с участием Папы Римского Франциска проходила в столице Казахстана в рамках VII Съезда лидеров мировых и традиционных религий. Для участия в ней приехали не только казахстанцы со всех регионов, но и России, Монголии, Германии, Австрии, Узбекистана, Кыргызстана.

*Айлін БАУРЖАН
Фото Александра ЖАБЧУКА*

Актуально

К ЗИМЕ ГОТОВЫ

Традиционного ажиотажа перед началом отопительного сезона на угольных тупиках столицы в нынешнем году не наблюдается – твердое топливо имеется в достаточном количестве, цена доступная, очередей нет.



Любовь РОВБА,
Нур-Султан

Представители ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» и Комитета индустриального развития МИИР убедились в этом лично во время визита на топливные склады и выгрузочные площадки города. Всего по стране к настоящему моменту определено порядка 300 точек реализации угля, 11 из которых находятся в Нур-Султане.

Обстановка на железнодорожных тупиках столицы спокойная – сформирован определенный запас твердого топлива, с подачей и уборкой вагонов проблем нет, машин, ожидающих погрузки, совсем немного.

К примеру, на угольном складе ИП «Бек-Айда», который способен разгрузить до 12 полувагонов одновременно, отпускают за сутки по 50-60 машин, что в три-четыре раза меньше, чем годом ранее.

– В прошлом году в то же самое время отгружали в день по 150-200 машин. Продавали уголь буквально с колес, сразу с вагона в порядке живой очереди. Сейчас ажиотажа нет. Возможно, это связано с тем, что в этом году люди старались запастись углем заранее – летом. К тому же проводилась газификация города, – отмечает заведующий угольным складом Дулат Кусаинов. – Сейчас, по нашим подсчетам, 50-60 процентов населения уже купили уголь. Наши основные клиенты – жители Нур-Султана, поселков Талапкер, Косшы и Кажымукан.

Исполнительный директор ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» Вадим Копылов в свою очередь проинформировал, что за четыре месяца (с 1 мая по 31 августа)



в столицу доставлено 75 тысяч тонн угля. Этот показатель в два раза выше потребности, заявленной акиматом (37 тысяч тонн).

– На сентябрь план потребности угольной продукции для коммунально-бытовых нужд и населения составляет 67 тысяч тонн. По состоянию на 12 сентября половина этого объема уже поставлена. В среднем ежедневно выгружается 45 вагонов. При сохранении такого темпа в столицу будет завезено 90 тысяч тонн угля, – сообщил он.

Подготовку к отопительному сезону в АО «НК «КТЖ» всегда начинают заблаговременно. Перевозку угля координирует специально созданный оперативный штаб. Его заседания проходят ежедневно: утром – с участием госорганов, вечером – с приглашением представителей угольных разрезов. В каждом отделении ГП созданы мониторинговые группы, главная задача которых – контролировать наличие угля на тупиках, а также прогнозировать потребность.

По словам заместителя председателя Комитета индустриального развития

МИИР РК Турара Жолмагамбетова, тактика по обеспечению углем населения в этом году несколько изменилась, и это дало результаты.

– Мы учли ошибки прошлых лет и теперь стараемся обеспечить население углем в теплое время года, когда нет ажиотажа и цены приемлемые. Кроме того, перегруппировали парк вагонов АО «Казтеміртранс», чтобы он был занят только в перевозке угля. При этом тарифы на вагоны ҚТТ на 20-30 процентов ниже рыночной стоимости, – проинформировал Турар Жолмагамбетов.

В новом отопительном сезоне город будет обеспечен углем в полном объеме, заверили в ТОО «КТЖ – ГП». Что касается цен на твердое топливо, дорожке всего потребителям обходится тонна угля марки «Каражыра» – 14 000 тенге, стоимость популярной марки «Шубарколь» варьируется в пределах 13 700-13 800 тенге, а «Майкубен» отпускают по 12 500 за тонну. Все цены указаны без доставки.

Фото Нурбола ЕСИМБЕКА

ЕКІНШІ КЕЗЕҢ БАСТАЛАДЫ



«ҚТЖ» ҰК» АҚ «Көпфункционалды қызмет көрсету орталығы» филиалы «ҚТЖ 100 жас есімі» бағдарламасының екінші ағыны бойынша ақпараттық сессия өткізді.

Онлайн форматта өткен жиында бағдарламаның мақсаттары мен шарттары, іріктеу кезеңдері мен қағидаттары туралы компанияның әлеуметтік саясат департаментінің қызметкерлері түсіндірді. Бағдарламаға қатысуға үміткерлер үшін ZOOM конференциясында сөз сөйлеген «ҚТЖ» ҰК» АҚ «Көпфункционалды қызмет көрсету орталығы» филиалы директоры Мадияр Сұлтанбек жобаға компанияның 35 жасқа дейінгі жас теміржолшылары қатыса алатынын, дарынды, бастамашыл жастарды жан-жақты дамытуда бұл жобаның тиімділігі зор екенін жеткізді. «Сонымен қатар пікір мен тәжірибе алмасып, білімді жетілдіріп, өзіңнің жарқын идеяларыңды жүзеге асыруда да берері мол. Осы мүмкіндікті молынан пайдаланып, болашақта компанияның еңбек өнімділігін арттыруға атсалыса беріңіздер», – деді ол.

Әлеуметтік саясат департаментінің менеджері Дархан Нұрғали онлайн форматта өзі дайындаған слайдтарды көрсетіп, «100 жас есімі» жобасына қалай келгені туралы баяндады.

– Мен бұл жобаға өзімді ұсыну туралы ұзақ ойlandым, оның берері не дедім. Еңбек жолымды 2018 жылы Қарағандыда локомотив пайдалану депосында машинист көмекшісі болып бастағанмын. Жобаға өтіп, Қарағандыдан елордаға алғаш рет Жастар форумына қатысуға келген кезде ой-санамды түгел өзгерттім. Мен осында қызмет еткім келеді дедім өзіме. Сол кезден бастап менің өмірімде үлкен өзгерістер орын ала бастады. 2020 жылы мен «Қазтеміртранс» компаниясына бас маман болып жұмысқа қабылдандым. 8 айдан кейін «ҚТЖ Экспресс» компаниясына ауыстым. Бір жылдан соң қазіргі қызметіме келдім, – деді ол өзін таныстырып.

Жобаға өтінім 15 қыркүйекке дейін қабылданады, одан әрі олардың 85 пайызы іріктеліп алынып, онлайн тестілеуге қатысады. Бұл сынақта үміткерлердің құзыреттілігі бағаланып, 20 пайызы іріктеледі. Ал желтоқсанда өтетін XI жастар форумына іріктеуден өткендер шақыртылып, компания басшылығына таныстырылады.

Райхан РАХИМЕТОВА

ТЕХНИКАЛЫҚ ИНСПЕКТОРЛАРДЫ ҮНТАЛАНДЫРУҒА ЖЫЛ САЙЫН «ҮЗДІК ИНСПЕКТОР» БАЙҚАУЫН ӨТКІЗІП, ОНДА «КӘСІПОДАҚ СЫЯҚЫСЫ» НЫҢ ЛАУРЕАТЫ» АТАҒЫ БЕРІЛІП КЕЛЕДІ. КӘСІПОДАҚТЫҢ БАСТАМАСЫ БОЙЫНША ҰЖЫМДЫҚ ШАРТҚА ТЕХНИКАЛЫҚ ИНСПЕКТОРЛАРҒА ЖЫЛ САЙЫНҒЫ ТӨЛЕМ ЖҮРГІЗІЛЕТІН ЕҢБЕК ДЕМАЛЫСЫНА ҚОСЫМША ҮШ КҮН ҚОСУ ТУРАЛЫ ПУНКТ ЕНГІЗІЛДІ

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРІ ТЕХНИКАЛЫҚ ИНСПЕКТОРЛАРМЕН ЕҢБЕК ҚОРҒАУ ТУРАЛЫ ЗАҢНАМАНЫҢ САҚТАЛУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ

1,6 мың

ТЕКСЕРУ ЖҮРГІЗІЛГЕН.

ТРАНСКАСПИЙ БАҒДАРЫ БОЙЫНША ӨТКЕН СЕГІЗ АЙДА

1,3 млн тонна

ЖҮК ТАСЫМАЛДАНҒАН.

БИҮЛ ЕЛІМІЗ БОЙЫНША КӨМІРДІ ТҰТЫНУ КӨЛЕМІ ШАМАМЕН

9,6 млн тоннаны

ҚҰРАЙДЫ.

АСТАНАДАН – ҰЛЫТАУҒА

 **Нұрай СӘРСЕНҒАЛИ,**
Нұр-Сұлтан

Жаңадан құрылған Ұлытау облысына бұған дейін Алматыдан пойыз жүре бастаса, 16 қыркүйектен бастап астанадан да жаңа құрам жолға шығады.

Бас қаладан Жезқазғанға жаңа №65/66 жолаушылар пойызы аттанады. Жолаушылар пойызы екі күнде бір жүреді, яғни жұп күндері – Нұр-Сұлтаннан, тақ күндері Жезқазғаннан кері бағытта қатынайды. Talgo вагондарынан құрылған пойызда 344 орын бар. Вагондар ауа баптау жүйесімен және биоэжетханалармен жабдықталған. Әр купеде электр розеткалар жұмыс істеп тұр. Сонымен қатар жолаушылар жол бойында Vputi.kz мультимедиялық порталында фильм көріп, музыка тыңдай алады. Сондай-ақ, вагон-мейрамхана қызметін пайдалануға болады. Дұш кабиналары тек Grand және Grand PMR класындағы вагондарда қарастырылған.

«Жолаушылар тасымалы» АҚ №65/66 Нұр-Сұлтан-Нұрлы жол – Жезқазған пойызына билеттер сатылымы басталғанын хабарлайды.

Күзгі байқау

СЫН ТЕЗІНЕН ӨТЕДІ

 **Шахида ЖҰМАН,**
Маңғыстау

Маңғыстау теміржолында күзгі комиссиялық байқау қыркүйектің басынан басталды. Қазанның жетісінде қорытындыланып, кем-кетік сарапқа салынатын болады.

Биыл да Болашақтан басталған байқау 5-9 қыркүйек аралығында Болашақ-Маңғыстау тегіміндегі барлық станциялар мен жолайрықтардың жұмысы жіті тексеріліп, мекемелердің қысқа дайындығы пысықталды.

– Комиссияға Маңғыстау қосалқы бөлімінің басшысы Нәжімеден Ғұбашов төрағалық етуде. Бұл топтың құрамында барлық құрылымдық сала басшылары мен қызметкерлері және ревизорлық аппараты жұмылдырылған. Алдымен шалғай станция бекеттерін сүзіп шығамыз, ал Маңғыстау станциясын ең соңына қалдырып отырмаз. Жалпы, түбек теміржолындағы күзгі тексеріс 23 қыркүйекте аяқталады деп жоспарлануда. Ал 7 қазанға дейін талдау жұмыстары жалғаспақ. Тексеру нәтижелеріне сәйкес талдау жұмыстары жүргізіліп, анықталған кемшіліктерге байланысты іс-шаралар жоспары жасақталады. Кемшіліктерді жою жұмыстары қолға алынады, – дейді Маңғыстау қосалқы бөлімінің өндірістік-техникалық бөлімі инженері Асхат Шарапатдинов.

Болашақ-Маңғыстау аралығынан кейін комиссия мүшелері аттың басын Құлсары–Бейнеу, Тассай–Бейнеу, Оазис–Бейнеу, Бейнеу–Сай-Өтес, Сай-Өтес–Маңғыстау тегімдеріне және Құрық порты станциясы бағытына қарай бұрмақ. Аталған нысандарда инфрақұрылымының, жылжымалы құрамның, өндірістік-техникалық объектілердің, техникалық құралдардың жағдайы сын көзден өтеді.

ҚЫСҚА ДАЙЫНДЫҚ ЕМТИХАНЫ

 **Арсен БАЙЗАҚ,**
Жамбыл

Жамбыл жүк тасымалы бөлімшесінде басталған күзгі комиссиялық байқау қыс алдындағы дайындық іспетті.




Дүйсенбі күні филиал директоры Молдахмет Қожабековтің төрағалығымен құрылған комиссия мүшелері Мойынты станциясынан жұмысты бастап, теміржол мекемелерінің алдағы қыс маусымына дайындығын, жалпы шаруашылыққа тексеріс жүргізді. Ал кеше Сарышаған станциясына болған комиссия бүгін Шығанақ станциясына келді. Ертең Отар станциясына аттанбақ.

– Қозғалыс құрамы, инфрақұрылымның ағымдағы жағдайы, өндірістік-техникалық нысандардың сақталуы, қозғалыс қауіпсіздігі, өрт қауіпсіздігі, қауіпсіздік және еңбекті қорғау – бәрі-бәрі қаралатын болады. Кемшіліктерді жіпке тізгендей етіп актіге тіркейміз. Жұмыс ауқымы үлкен. Жұмысшылардың кәсіби деңгейін де анықтай отырып, олардың жұмыс орындарын дұрыс ұйымдастырудағы біліктіліктері де сыналады. Комиссия мүшелері тарапынан жұмысшыларға әдістемелік көмектер де көрсетіледі. Белгіленген ережелерге сәйкес жұмысшыларға профилактикалық шаралардың жүргізілуі мен техникалық құжаттардың сауатты сүйемелденуі де тексеріледі, – дейді Жамбыл ЖТ бөлімшесінің бас инженері Дүйсен Сыдықов.

Жамбылда комиссиялық байқау 23 қыркүйекке дейін жүреді. Соңғы нүкте – Тараз теміржолық станциясы мен Талас станциясы. Байқау қорытындысы бойынша техникалық кеңес өтіп, кемшіліктер мен жетістіктері сараланатын болады.

Суретті түсірген автор

ЖОЛАУШЫ ЖОЛДАН ҚАЛМАСАМ ДЕЙДІ...

 **Ерман ӘБДИЕВ,**
Тараз

Жуырда осындай делдалдарға тап болған Барзбай есімді Тараз тұрғыны әлеуметтік желіде пікір білдірген еді. «15 тамызда Нұр-Сұлтанға іссапармен баруым керек болды. Электронды билет таппаған соң вокзалға бардым. «Жолаушылар тасымалы» АҚ кассаларында билет жоқ. Бірақ жеке коммерциялық қассадағылардың тамырын басып көрсем, 7 мыңның үстінде билеттері (Нұр-Сұлтанға дейін) 14 мыңнан сатылуда екен. «Әй дейтін әже, қой дейтін қожа» болмаған соң «қазаншының өз еркі, қайдан құлақ шығарса» болып отыр ғой» дейді ол жазбасында. Автор делдалдар билетті кассада онлайн сатып алып, кейін ортада келісім жүргізетін бұрыннан таныс азаматтарға саудалайтынын алға тартады.

Осы жазбаға пікір қалдырғандардың арасында жолсерікке екі есе ақысын төлесе, жолай алып кетуге дайын екенін жазғандар да аз емес және алыпсатармен билет бағасына наразылық білдіргендердің пікірлері де көп болды. Желіде қаузалған мәселеге «Қазақстан темір жолы» ҰҚ» АҚ да назар аударып, ресми жауабында жазғы кезеңде жолаушылар тасымалына сұраныстың артатынын айта келе, «билет сатып алу үшін «күту парағы» қызметін пайдалана аласыз» деп қысқа қайырған.

Тараз вокзалындағы «Жолаушылар тасымалы» АҚ кассасымен қоса «Баянды жол сервис», «Aistat» сынды билет сататын агенттіктер кассалары бар. Тараз вокзалының бастығы Дидар Мүрсеталиев билет сататын кассалар оларға бағынышты емес екенін, «Жолаушылар тасымалы» акционерлік қоғамына қарайтынын



айтады. Ал жекеменшік агенттіктер қызметі үшін әр билеттен қосымша 500 теңге алып отырады екен.

– Қазір жолаушы көп, тәулігіне 9-10 мың адам вокзалға келіп-кетеді. Билеттер электронды болса да вокзалға ағылатындар аз емес. Ал желідегі жазбада факті нақты емес сияқты. Өйткені жекеменшік кассалар өзіне тиесілі 500 теңгеден артық алды дегенді естімедім. Маған мұндай мәселе бойынша ешкім шағым айтып келген жоқ. Арызданса, жоғары басшылыққа шығар едім. Пойыздар Тараз қаласынан шықпаған соң, билетті алдымен пойыз жүретін бастапқы аймақ жұрты бірінші алады. Ал Тараз – транзиттік бекет. Бұрын вокзал басшыларында 3-4 «бронь» болатын. Яғни, түрлі жағдайға байланысты сапарға шұғыл шығатындарға сол билет тиетін. Қазір ол да жоқ, қысыл-таянда қолдан келер ешқандай көмегіміз жоқ, – дейді вокзал бастығы.


Расында, электронды билеттердің әр өңірге үлестіріліп берілуі кей аймақтарды

«шөміштен қағатындай» көрінеді. Мысалы, Түркістан–Нұр-Сұлтан бағытындағы пойыздың билеті Түркістан, Шымкент, сол секілді Тараз қаласына есеппен бөлінеді де, Таразда ол билет 45 күнге жетпей сатылып кететін көрінеді. Мұндай жағдайда жолаушылар билетті Тараздан емес, Түркістан немесе Шымкенттен сол қаладағы бағасына сай онлайн сатып алуға мәжбүр болады.

Бүгінде электронды билетке сұраныс жоғары болған соң, вокзалдағы кассалар саны қысқарған. Халықтың 60-70 пайызы электронды билет алуды жөн санайды. Билет сатылатын база жалпыға ортақ болған соң, бар билетті ешкім жасыра алмайды. Бұл оң өзгерістер жолаушылар тасымалындағы келеңсіздіктерді реттеуге айтарлықтай әсер ететіні айтпаса да түсінікті. Алайда «қалауын тапқандар» жоқ жерден пайда көруге тырысып бағуда. Ал жолаушыда таңдау бар ма, әйтеуір жолдан қалмасам болды дейді...

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

ЖОЛ КҮТІМІНЕ ЖҮКТЕМЕ ҰЛҒАЮДА



Семей магистральдық желі бөлімшесі бойынша бес жол дистанциясы бар десек, соның ішінде Жаңа-Семей-Дегелең және Семей-Локоть бағытында қызмет көрсететін ПЧ-39 мекемесінің жүгі біршама ауыр. Бүгінде 264 шақырымды құрайтын бас жолға техникалық күтім жасау осы дистанция жолшыларының үлесінде.

 **Қуаныш ҚОЖАЕВ,**
Семей

Жыл он екі ай қауырт жұмыс үстінде жүретін семейлік жолшылар үшін биылғы жылы әсіресе бөлімшенің солтүстік тармағы – Локоть-Семей бағытына ерекше күш салу қажеттігі туындауда. Оған бір себеп – қазіргі әлемдік геосаяси ахуал әсерінен Ресейден ағылатын жүк пойыздары санының күрт артуы, сәйкесінше аталмыш тегім бойынша жолды жаңалау керек болып отыр. Бұл ретте биылғы жазда семейлік жолшылар бар күш-жігерлерін осы тегім бойын жаңартуға жұмылдырды. Жалпы ұзындығы 119 шақырымды құрайтын Семей-Локоть тегімі бойындағы 30 шақырымнан астам жол бойы күшейтілген орташа жөндеуден өткізілді. Сонымен қатар, желі бойындағы инфрақұрылым да жаңартылды. Тегім бойындағы Ауыл, Белағаш, Дүйсекен

станцияларында жергілікті жолшылар бригадасының күш салуымен жүйелі жұмыстар жүргізілді.

– Жыл басында тегімнен тәулігіне 7-8 жүк пойызы өткен болса, қазіргі таңда бұл көрсеткіш одан да артып отыр. Яғни, жол төсеміне түсетін жүктеме де ұлғаяды. Сондықтан бұл тегімнің балдық сапасын жоғарылату міндеті жүктеліп отыр, – дейді дистанция бастығы Рахат Ботаспаев.

Айта кетерлігі сол, солтүстік тармақтағы құмажолдарды толықтай темірбетонды шпалдарға ауыстыру мәселесі жыл санап пісіп жетіліп келеді. Жалпы, ұзақ мерзімді жоспар бойынша Семей жол дистанцияларына қарасты күрделі жөндеуден өткізілетін тегімдер 2030 жылға қарай толықтай жаңартылып, ағаш шпалдар мүлде қолданылмайтын болады. Осы орайда жекелеген құмажолдар бойынша пойыздың қозғалыс жылдамдығын сағатына 80/60-тан



140 шақырым сағатқа дейін арттыру көзделіп отыр. Яғни, Ресейдің Сібір бөлігінен елдің оңтүстігін бетке алатын жолаушылар пойызының жылдамдығы сағатына 120 шақырымды құраса, жүк пойыздары 80 шақырымдық жылдамдықпен жүйткі алуы тиіс.

– Алдағы уақытта Семей-Локоть тегімі толықтай сүзгіден өткізіліп, ақаулықтары бар аумақтардың координациясы нақтыланып, арнайы регламент жасалады. Әзірге жоспар берілген жоқ. Қазір бөлімше бойынша күзгі комиссиялық тексеру жұмыстары жүргізіліп жатқаны белгілі. Алдағы дүйсенбіден бастап аталған тегім бойына шығамыз. Осы тексерулер барысында келер жылға жоспарланатын жол жұмыстарының жай-жапсары нақтыланатын болады, – дейді бұл орайда пікір білдірген Семей магистральдық желі бөлімшесі Жол бөлімінің бастығы Қайырғелді Ахметжанов.

Суретті түсірген автор

ЖЫЛДЫ ТАБЫСТЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАМАҚ



Орынбор-Ташкент магистралінің бойында жатқан Қызылорда станциясы батысқа ашылған қақпа сынды. Оңтүстіктен батысқа және кері қарай бір ғасыр бойы үздіксіз жөңкілген пойыздар легі бүгінде артпаса, толастаған емес.

 **Сабырхан СЕЙЛБЕКҰЛЫ,**
Қызылорда

Пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін сақтай отырып өндірістік жұмыс көрсеткіштерінің орындалуын басты назарда ұстайтын қызылордалық теміржолшылардың биылғы табысы жаман емес. Өндірістік жұмыс көрсеткіштері 103,45-147,98 пайыз аралығында орындалған. Қызылорда станциясында сыналған. Қызылорда бері 1602 вагонға 102592 тонна жүк тиеліп, жоспар 139,18 пайызды құраған.

– Жалпы, теміржолдың жұмысы – көрінбейтін шынжырмен байланғандай, біріне-бірі тығыз байланысты құбылыс. Тасымалдау процесіне қатысатын барлық сала



бір ырақта жұмыс істеу керек, алда-жалда біреуі істен шығып, немесе регламенттен кешіктірілуі бүкіл қозғалысқа кері әсер етеді, бір-біріне тәуелді. Сондықтан табыс та ортақ. Демек, қол жеткізіп отырған жетістіктерде тек стан-

циялықтардың ғана емес, салалас қызметтердің де – жолшылар, байланысшылар, локомотившілер мен вагоншылардың да үлесі бар деген сөз, – дейді Қызылорда станциясы бастығының орынбасары Әмір Матжанов.

Суретті түсірген автор

Интервью ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИКИ-ОГНЕБОРЦЫ: ГЕРОИ В БОЮ СО СМЕРТЕЛЬНОЙ СТИХИЕЙ

Недавняя трагедия в Костанайской области никого не оставила равнодушным. При спасении жизни людей, лесов и животных была важна каждая минута, и сотрудники негосударственной противопожарной службы АО «НК «ҚТЖ» внесли огромный, неоценимый вклад в общее дело по тушению пожаров. В своем интервью руководитель группы негосударственной противопожарной службы АО «НК «ҚТЖ» Бахытжан Дилимбетов рассказал о том, как железнодорожники помогли в борьбе с пламенной стихией.

– Бахытжан Налибаевич, в эти дни плечом к плечу с сотрудниками МЧС боролись с огнем и железнодорожные пожарные. Расскажите, пожалуйста, о работе пожарных поездов в Костанайском отделении ГП...

– Во время возникновения пожара еще большей опасности способствовало все – высокая температура воздуха до 36-38 градусов, скорость ветра достигала 16-18 метров в секунду. Так, 2-3 сентября в результате возгорания в лесном массиве Басманского лесничества периодически возникали очаги огня на участке железной дороги Кушмурун – Тобол Костанайского отделения ГП, которые приводили к затруднению движения поездов. А 3 сентября вследствие усиления пожаров на перегоне Аманкарагай – Казанбасы на протяжении 20 километров движение поездов на данном участке дороги было закрыто (участок двухпутный, электрифицированный).

В целях оперативного реагирования на тушение огня на объектах инфраструктуры железной дороги, привлекающих населенных пунктов, в полосу отвода, лесопосадках было задействовано пять пожарных поездов, привлечено более 250 железнодорожников.

Очень сложная обстановка создавалась при тушении пожаров на тяговой подстанции и нефтебазе станции Аманкарагай. Благодаря грамотным и мужественным действиям работников пожарных поездов Есиль и Кушмурун удалось предотвратить взрывы на резервуарах с нефтепродуктами, уберечь от огня тяговую подстанцию, которая обеспечивала электроэнергией участок дороги для движения поездов, прилегающие предприятия и жилые дома.

Вследствие оперативных и компетентных действий работников пожарных поездов Тобол, Костанай, Атбасар удалось минимизировать потери при тушении пожаров в полосу отвода на перегонах Кушмурун – Аманкарагай – Казанбасы.

– Какие действия предприняли железнодорожники, чтобы предотвратить распространение огня на объекты инфраструктуры?

– По состоянию на 7 сентября пожарными поездами было израсходовано более 2,1 тысячи кубических метров воды для тушения 26 очагов пожаров в полосу отвода и лесопосадках вдоль железной дороги, заправки 228 пожарных

машин ДЧС и привлеченных автомашин организаций.

Настоящее героísmo проявили начальник негосударственной противопожарной железнодорожной службы Султан Смамбаев, начальники пожарных поездов станций: Есиль – Мурат Хасенов, Кушмурун – Берик Асанов, Костанай – Кайрат Мухтубаев, Атбасар – Аманжол Шигиров, Тобол – Олег Сидорчук и весь личный состав поездов.

На менее ответственных стратегических направлениях решающие действия по тушению пожаров в полосу отвода проявили работники пожарных поездов Тобол, Костанай, Атбасар. В первые дни особо отличились работники пожарного поезда Тобол под руководством начальника Олега Сидорчука по тушению 11 очагов возгорания в полосу отвода и лесопосадках на перегоне Казанбасы – Аманкарагай – Кушмурун. Активное участие в тушении в полосу отвода, по передаче оперативных данных, обеспечивая связь, принимали участие инспекторы Костанайской противопожарной службы Батырбек Козубаев и Алимгазы Габдулалиев.



организаций в данном регионе мобилизованы силы и средства для восстановления поврежденного имущества и обеспечения безопасности движения поездов и жизнедеятельности организаций. По согласованию с оперативным штабом пожаротушения под председательством министра по ЧС РК Юрия Ильина отправлены пожарные поезда станций Атбасар, Жана-Есиль, Костанай, Есиль по местам дислокации.

В целях оперативного реагирования на возможные очаги горения и для экипировки водой

НА КЛЮЧЕВЫХ СТАНЦИЯХ МАГИСТРАЛИ КАЗАХСТАНА ДИСЛОЦИРОВАНО 13 ПРОТИВОПОЖАРНЫХ СЛУЖБ (НПОЖ), 47 ПОЖАРНЫХ ПОЕЗДОВ (ПП) И ЧЕТЫРЕ ПОЖАРНЫХ ПОСТА. ВСЕ ОНИ СВЯЗАНЫ ОДНОЙ БОЕВОЙ ЗАДАЧЕЙ – СПАСЕНИЕ ЖИЗНЕЙ ЛЮДЕЙ И ИМУЩЕСТВА КОМПАНИИ.

Особую роль в работе оперативного штаба МЧС в селе Ново-нежинка Аулиекольского района сыграл и главный инженер НЖС Костанай Абзал Спанов и начальник Костанайской негосударственной противопожарной службы Султан Смамбаев.

Благодаря грамотным и слаженным действиям всех служб, пожарных поездов на данном участке дороги удалось открыть движение поездов уже 4 сентября.

– Пострадали и сами железнодорожники?

– К сожалению, да. В настоящее время комиссией проводится работа по установлению объема и степени повреждений зданий, сооружений и устройств железнодорожных организаций, жилого фонда и имущества у работников компании и ветеранов отрасли, проживающих в этом регионе.

В целях приведения в рабочий ритм деятельности структурных подразделений ҚТЖ и дочерних

пожарных машин ДЧС до 8 сентября дежурили два пожарных поезда станций Кушмурун и Тобол на хлебприемных пунктах станции Казанбасы и на нефтебазе по станции Аманкарагай.

– К слову, в нынешнем году исполнился 101 год со дня создания пожарных поездов. Какие задачи стоят перед противопожарной службой ҚТЖ сегодня?

– Это так, уже больше века... На ключевых станциях магистрали Казахстана дислоцировано 13 противопожарных служб (НПОЖ), 47 пожарных поездов (ПП) и четыре пожарных поста. Все они связаны одной боевой задачей – спасение жизней людей и имущества компании.

Зона обслуживания одного поезда составляет от 100 до 611 километров по железным дорогам общего пользования. Готовность к отправлению с места стоянки в любое время суток составляет 10 минут после получения приказа.

При этом основное преимущество пожарных поездов – возможность доставки большого объема воды: общая вместимость двух цистерн-водохранилищ достигает 100-120 кубометров (что сопоставимо с 50 пожарными автоцистернами).

– Расскажите о профилактических мерах для поддержания высокого уровня готовности и отработки основных навыков и алгоритмов действий в чрезвычайных ситуациях.

– Ответственной задачей деятельности подразделений негосударственной противопожарной службы АО «НК «ҚТЖ» является регулярная профилактика пожаров. Все пожарные поезда и их личный состав регулярно участвуют в учениях и специальных тренировках, в том числе совместно с ДЧС МЧС РК. Кроме того, они привлекаются для тушения пожаров и проведения аварийно-спасательных работ на подвижном составе, объектах железнодорожного транспорта и в полосу отвода, а также участвуют в ликвидации последствий аварийных ситуаций с подвижным составом, перевозящим опасные грузы.

К пожарным поездам предъявляются специальные требования. Каждый пожарный поезд должен находиться от такого же другого поезда в радиусе не более 100 километров, или в полутора часах езды. К месту пожара такой поезд пропускают со скоростью, максимально допустимой для участка пути, и с конструктивной скоростью, предусмотренной для локомотива и вагонов пожарного поезда. Причем не допускается оставление пожарного поезда без локомотива до возвращения его на пути постоянной стоянки. Тактические возможности одного пожарного поезда и его потенциал примерно соответствуют четырем пожарным частям.

За своевременное отправление, беспрепятственное проследование и прибытие пожарного поезда к месту пожара и возвращение его на пути постоянной стоянки отвечают причастные диспетчеры и начальник станции приписки пожарного поезда.

Для подготовки к непредвиденным ситуациям проводятся учения, максимально приближенные к боевой обстановке. В этот раз практика показала, что все учения дали свой результат. Как говорится, пожар легче предупредить, чем потушить.

Беседовала
Асель ШАЙХЫНОВА

ПЕРЕГОНЫ ОБНОВИЛИСЬ



Любовь РОВБА,
Нур-Султан



КАПРЕМОНТ

В этом году работниками Астанинской дистанции пути ведется капитальный ремонт железнодорожного полотна на участках Ельтай – Акколь и Макинка – Жасыл.

На перегоне Акколь – Ельтай к настоящему моменту полностью уложена новая рельсошпальная решетка на железобетонном основании – 7,890 километра.

– Капитальный ремонт ведется по графику. Сейчас идут заключительные работы по замене рельсошпальной решетки на участке Макинка – Жасыл, где модернизировано 8,923 километра пути. Задействованы разборочный и укладочный кран, выправочно-подбивочно-рихтовочная машина и другая путевая техника, – сообщил начальник технического отдела Астанинской дистанции пути Алишер Сыздыков.

Снятую старогондную решетку укладывают на станционные пути в Макинке, Акколе, Ондирисе, Шортанды, а также в столице.

Кроме того, работниками Астанинской дистанции пути с начала года уложено 12 стрелочных переводов.

ВНИМАНИЕ, ПОЕЗД!



Анна МАРЬИНА,
Уральск



ПРОФИЛАКТИКА

Под таким названием прошла акция по профилактике травматизма на объектах железнодорожного транспорта. Разъяснительные беседы проводились в учебных заведениях и с пассажирами на железнодорожном вокзале Уральска.



В беседах с учащимися школ № 25 и 39, а также Уральского информационно-технологического колледжа приняли участие инспектор отделения административной полиции старший лейтенант полиции Лаура Азизова и представитель группы по профилактике правонарушений ЛОП на станции Уральск майор полиции Владимир Федун.

Надо сказать, профилактическая работа среди учащихся учебных заведений проводится постоянно. Вот и в этот раз во время бесед раздавались информационные буклеты и памятки, показывались профилактические видеоролики, предоставленные группой производственной безопасности и экологии филиала ТОО «ҚТЖ – Грузовые перевозки» – «Батыс» по Уральскому региону.

– Наших школьников и студентов настолько вдохновили проведенные беседы, что было решено принять участие в организованном ЛОП флешмобе на Уральском вокзале, – рассказала инспектор по делам молодежи Уральского информационно-технологического колледжа Аружан Нургулиева. Пассажирам и провожающим в зале ожидания и на территории вокзала подробно разъяснялись правила безопасности на железной дороге, вручались памятки и буклеты на тему «Железная дорога – зона повышенной опасности».

Фото автора

Центральный совет ветеранов железнодорожников и Совет ветеранов центрального аппарата акционерного общества «Национальная компания «Қазақстан темір жолы» глубоко скорбят и выражают искренние соболезнования родным и близким в связи с невосполнимой утратой – кончиной ветерана-железнодорожника

Айдынбаева Хасена Алиповича.

СО ЗНАКОМ ПЛЮС



ПОГРУЗКА

В Восточном Казахстане и области Абай завершается подготовка к отопительному сезону, и население, предприятия, теплоисточники запасаются углем. Вагонов для перевозки угля достаточно, но все участники должны соблюдать свои обязательства, говорят железнодорожники.



Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск

Погрузка угля с разреза «Каражыра» по Семейскому отделению грузовых перевозок в мае – августе текущего года для потребителей страны возросла к аналогичному периоду прошлого года на 23%. Между тем угольщики стали отправлять твердое топливо за пределы ВКО и области Абай больше на 37%, чем в аналогичном периоде прошлого года. Причем это произошло за счет южных регионов страны, где отопительный сезон начинается позже, а зимы намного мягче. В границах Семейского отделения ГП погрузка твердого топлива по сравнению с аналогичным периодом прошлого года выросла только на 17%. Конечно, эти обстоятельства создали нагрузку на подвижной состав. Железнодорожники, местные исполнительные органы и грузоотправители стараются в оперативном порядке разрешать проблемы.

Но пока остался открытым вопрос соблюдения норм оборота вагонов АО «Қазтеміртранс» со стороны грузоотправителей от угольного разреза «Каражыра». Только в первой декаде сентября его превысили на 35%. Так, в адрес «Каражыра» на 11 сентября было оформлено еще 859 вагонов, а погрузка в сутки составляет 358 вагонов. Такая ситуация, говорят железнодорожники, негативно влияет на инфраструктурные возможности самого разреза, ухудшая маневренность, завышая оборот, и на сеть АО «НК «ҚТЖ», вызывая затруднения в маневровой и поездной работе.

На днях руководство Семейского отделения грузовых перевозок (НОДГП-5) в связи с этим направило письма в адрес акимов Восточного Казахстана Даниала Ахметова и главы области Абай Нурлана Уранхаева, в АО «НК «ҚТЖ» и главе угольного разреза «Каражыра» Музафару Нагатаеву.

По информации Семейского отделения



грузовых перевозок, в рамках подготовки к перевозке угля в отопительный период 2022-2023 годов железнодорожники проводят активную и постоянную работу со всеми участниками этого процесса. Руководство АО «НК «ҚТЖ» издало распоряжение об использовании парка вагонов АО «Қазтеміртранс» в первую очередь для перевозки угля населению и на теплоисточники. По информации Семейского отделения ГП, для всех поставок угля, о которых заявляют исполнительные органы, предоставляется подвижной состав в полном объеме – при условии, что все участники перевозочного процесса будут исполнять свои обязательства.

– Промышленными предприятиями региона совместно с грузоотправителем ТОО «ВостокУгольПром» в лице коммерческого

директора Светланы Трушкиной проведена работа с другими собственниками вагонов, в результате уже пошла первая отгрузка угля для ТОО «Бухтарминская цементная компания» и ТОО «Цементный завод Семей» в собственных полувагонах, – сообщил директор Семейского отделения грузовых перевозок Владимир Бабиченко.

Благодаря совместным усилиям отделения и местных исполнительных органов ВКО значительно ускорился оборот вагонов АО «Қазтеміртранс» при выгрузке угля на путях ТЭЦ. Совместно с подразделениями АО «Каражыра» совершенствуются технологические процессы. В частности, с грузоотправителем ТОО «ВостокУгольПром» согласовали планы по так называемым угольным маршрутам, которые разработали для перевозок большого объема твердого топлива мень-

шим парком вагонов. С ТОО «Компания Балапан көлігі», которое со стороны угольщиков отвечает за инфраструктуру разреза, железнодорожники провели ряд совещаний с выездом на станцию Дегелен, где ведется погрузка угля, на сам разрез «Каражыра». Цель – обеспечить технологические нормы оборотов вагонов парка АО «Қазтеміртранс» при погрузке угля на начальных операциях. Но пока она не достигнута, констатируют железнодорожники.

Также они продолжают работу с ТОО «D.B.Logistics», которое отвечает за обеспечение угольного разреза «Каражыра» вагонным парком, в том числе и полувагонами АО «Қазтеміртранс», чтобы угольщики смогли выполнить свои планы. На 11 сентября на инфраструктуре разреза находится 894 полувагона, что значительно превышает установленные нормы из Единого технологического процесса.

Помимо этого, в Семейском отделении грузовых перевозок попросили у акимов ВКО и области Абай поддержки в таких вопросах, как контроль за конечными получателями угля, который поступает на станции НОДГП-5 в Российской Федерации. Это Локоть, Неверовская, Третьяково, Масальская, Ремовская. Также железнодорожники обратили внимание на то, что ГКП «Теплокоммунэнерго» в Семее и ТОО «Риддер ТЭЦ» ведут подготовку к отопительному сезону под рукава, остатки угля на их складах – ниже норм, завышено время оборота вагонов на подъездных путях.

Фото Александра ЖАБЧУКА

РЕЖИМ ЗАБОТЫ – КРУГЛЫЙ ГОД

Консультативно-диагностический поезд «Саламатты Қазақстан» завершил свою работу в Северном Казахстане. Всего за время пребывания в регионе врачами обследованы жители шести железнодорожных станций. Первую медицинскую и консультативную помощь получили 3 108 человек, среди которых 402 – дети. В общем, зафиксировано более 17 337 посещений.



Так, с раннего утра жители железнодорожной станции Даут, что находится в Северо-Казахстанской области, стараются пройти как можно больше специалистов – такая возможность получить консультации врачей, не выезжая из поселка, редка.

– Сегодня с утра я уже сдал анализы, был у терапевта, УЗИ-специалиста, окулиста. Доктора ничего серьезного не выявили, отметили, что здоровье у меня крепкое, это хорошо. Такая инициатива, как «медицинские поезда», очень нужна нам, простым сельским жителям, экономит время и деньги. Поэтому от души хочу поблагодарить организаторов проекта, ну и, конечно, весь медперсонал поезда, – говорит

местный житель Азимбай Мыркасов.

В поезде ведут прием такие специалисты, как терапевт, акушер-гинеколог, педиатр, кардиолог, невропатолог, окулист, ЛОР, гинеколог, хирург, уролог, маммолог, стоматолог.

По данным докторов, чаще всего у жителей СКО выявляют такие болезни, как киста поджелудочной железы, болезни пульпы и периапикальных тканей, камни в почках и мочеточнике, хронический обструктивный пиелонефрит солевой диатез. При этом, согласно внутренней статистике, самыми востребованными специалистами поезда «Саламатты Қазақстан» можно назвать хирурга, ЛОРа, офтальмолога и стоматолога.

В своей практике врачи порой сталкиваются с серьезными случаями. Так, обследуя молодую девушку на одной из станций, они обнаружили у нее эхинококк – редкую инвазию личинками, которые образуют кисты и поражают печень, легкие и кости.

– При этом у пациентки не было абсолютно никаких симптомов. Она просто проходила осмотр, во время УЗИ мы заподозрили онкологию, дали направление на КТ, которое ничего не выявило. После этого отправили ее на МРТ, оно и показало эхинококк. Настоятельно дали рекомендацию на исключение животных из дома, кроме того, она встала на учет в местной поликлинике и зарегистрировалась на портале

для проведения операции в областной больнице, – рассказывает руководитель медицинского поезда «Саламатты Қазақстан» Аман Касенов.

Проект «Медицинские поезда» впервые запущен в 2010 году и работал ежегодно вплоть до 2019 года. В 2020-2021 году из-за пандемии организаторам пришлось сделать перерыв. Всего же за 10 сезонов работы три консультативно-диагностических поезда «Денсаулық», «Жәрдем» и «Саламатты Қазақстан» посетили более 1 700 отдаленных регионов Казахстана, обследовав около 488 880 жителей.

– «Медицинские поезда» – важный социальный проект, потому что его миссия – оказание медико-санитарной помощи жителям отдаленных аулов Казахстана. Из-за больших расстояний не все могут посещать нужных специалистов, зачастую просто запуская болезни. Не раз за 10 лет работы проекта бывали случаи, когда врачи медпоезда буквально спасали жизни пациентам. Вся помощь, оказываемая там, абсолютно бесплатная, включая услуги стоматолога, – такой практики нет на сегодняшний день нигде, – говорит генеральный директор фонда Samruk-Kazyna Trust Алия Адиева.

Айлин БАУРЖАН
Фото автора



УВЕРЕННЫМИ ТЕМПАМИ

В Алматинском отделении магистральной сети готовятся к предстоящим холодам с полной ответственностью. Ведь по прогнозам, в регионе зима будет диктовать свои условия.

Для качественного проведения подготовки хозяйства и кадров к зиме, организации устойчивой работы предприятий в зимний период создан штаб, в состав которого вошли руководители структурных подразделений. Ведь работа железной дороги в этот период всегда связана с трудностями, снежные завалы, ветра, низкая температура и плохая видимость требуют большой ответственности и внимания от всех работников. Тем, кто впервые будет работать на железнодорожном транспорте в зимних условиях, – особое внимание. Обучение проводится в конкретной обстановке – на горловине станции, на перегоне. Акцент делается на вопросах охраны труда и техники безопасности. В подразделениях магистральной сети обучено 397 перевозчиков, все они закреплены за опытными наставниками.

Тщательно производится осмотр всех участков, станционных путей, стрелочных переводов, искусственных сооружений и зданий. Полным ходом идет подготовка котельных, на сегодняшний день 39 готовы к эксплуатации. Также проведен текущий ремонт 4,2 километра снегозащитных заборов. Специалисты укомплектовывают и проверяют в работе снегоочистительные и снегоуборочные средства, создают запас деталей и материалов, обеспечивающий их бесперебойную работу. На 69 станциях произвели очистку станционных путей и горловины от мусора, травы, работа в этом направлении продолжается.

Свою лепту вносят и связисты, они проверили все устройства СЦБ, связи, а также радиосвязь на снегоочистительной технике и устройства автоматики на переездах. В хозяйстве электроснабжения при наступлении минусовых температур вагоном-лабораторией проверяются километры контактной подвески на главных путях, перегонах и станциях. Выполнен текущий ремонт электрических подстанций, оборудования автотрансформаторных пунктов, постов секционирования, проверены габариты опор контактной сети для прохода снегоочистителя, выполняется ремонт высоковольтных линий автоблокировки и продольного электроснабжения. Полным ходом идет подготовка аварийно-восстановительных автомотрис к работе. Заготовлены запасы трансформаторного масла, ГСМ.

– Обеспечение бесперебойности и безопасности – наш главный критерий. И мы должны все предусмотреть, ведь низкие температуры, снегопады затрудняют действия работников, обеспечивающих движение поездов, – отмечает заместитель директора Алматинского отделения магистральной сети Адил Дуйсеев.

Особый акцент делается на обеспечении спецодеждой и обувью, тщательно готовятся пункты обогрева.

Елена КОЛДАСБАЕВА, Алматы
Фото автора

СПОРТ ОНЫҢ СЕРІГІ

Бүгінгі кейіпкеріміз, «Ардагерлер салауатты өмір салты үшін» спорт клубының мүшесі Рысхан Ақбергеновті бір көрген жан алыстан енді асқан ел ағасы деп ойлауы әбден мүмкін. Күні кеше жетпістің бесеуіне толған ардагердің сергек те ширақ қимылы жастарға үлгі боларлық.



Рысхан Есенжолұлы Семейдің Аягөз ауданына қарасты Жыланды станциясында 1947 жылдың 13 қыркүйегінде теміржолшы отбасында дүниеге келіпті. Әрине, мектепте оқып жүріп-ақ әке

жолын қуып теміржолшы болуға бел байлайды. Орта мектепті бітірісімен сол өзі туған Жыланды станциясына жол монтері болып жұмысқа орналасады. Көп ұзамай әскерге алынып, үш жыл Мурманск

қаласында борышын өтеп келеді. Елге оралған соң Алматы теміржол техникумына оқуға түсіп, оны теміржол көлігінің телемеханик және байланысшы мамандығы бойынша үздік бітіріп шығады.

Еңбек жолын қарапайым жол монтерінен бастаған кейіпкеріміз әрі қарай кәсіби мамандығы бойынша еңбек етіп, әртүрлі қызметтік лауазымдарды атқарып, Семей станциясының бүкіл диспетчерлік қызметіне жетекшілік еткен кездері де болды. Жылдар өлгенде майталман маман «Адал еңбегі үшін» медалі мен «Құрметті теміржолшы» белгісімен марапатталып, мәртебесі арта түсті.

Айта кетейік, Рысхан ағамыздың жан жары Жұмағайша да ардагерлер қозғалысының бел-

сенді мүшесі. Отбасылық тандем ҚТЖ көлемінде өткен барлық спорттық шараларда бірге көрініп, бәйгенің алдын бермей келеді. Тек теміржолшылар арасында ғана емес, астаналық ардагерлер арасында да танымал. Ерлі-зайыптылар Мәскеу қаласында ТМД теміржолшылары арасында өтетін спорттық жарыстарға да әлденеше рет қатысып, шахмат, жүзу, теннис, армрестлинг, күрес, волейбол түрлерінен Қазақстан намысын қорғап, үздік үштіктің қатарынан табылып жүр.

Орталық ардагерлер кеңесінің ұжымы Рысхан Ақбергеновті 75 жылдық мерейтойымен құттықтап, ардагер теміржолшыға бақытты да баянды ғұмыр, мықты денсаулық тілеп, лайықты сый-құрмет көрсетті.

Сұлутұл БАКЕСОВА

БАЛАЛАРҒА ДӘРІС ОҚЫДЫ



Теміржол бойы кімге болса да қауіпті. Тоқтаусыз зулаған алып пойыздар жолына көлденең тұрған ешкімді аямай басып жаншып өте шығады. Сондықтан теміржолшылар мен желілік полиция тұрғындарды оның қауіп-қатерінен сақтандырудан кенде болып жатқан жоқ.

Желілік полиция өкілдерін алаңдатын жайт – әсіресе балалардың қауіпсіздігі. Өкінішке орай, ата-ананың қарауынсыз қалып, жол бойында ойнаған, өтем деп байқаусызда пойыз астына түсіп қалған балалар аз емес. Осыған байланысты 1-9 қыркүйекте өткен «Абайлаңыз, пойыз!» акциясын сайтестік полиция толық балаларға арнады. Сай-Өтес станциясындағы

желілік полиция бөлімшесінің қызметкерлері науқан барысында Сай-Өтес ауылындағы орта мектебіне келіп, оқушылар мен мұғалімдерге профилактикалық түсінік жұмыстарын жүргізді.

– Мектептегі кездесу кезінде оқушыларға темір жол қауіпті аймаққа жататындықтан одан өтерде жаяу жүргіншілерге арналған жолмен ғана ереже сақтап өтіп, аса сақ болу кере-



гін түсіндіруге тырыстық. Сондай-ақ, темір жол өткелінің, бағдаршамның қызметі қандай, ондағы белгілердің мағынасы, шлагбаумның орналасуы, өткел кезекшісінің нұсқауы сияқты ескеруге тиісті басты қағидалардан дәріс оқыдық. Теміржолдың белгіленбеген жерінен өткені үшін

әкімшілік шараға тартылатындығы туралы да ескерттік, – дейді Сай-Өтес станциясындағы желілік полиция бөлімшесінің бастығы Нұрлыбек Рахметов.

Нұршаһ АЛЫМҚЫЗЫ,
Сай-Өтес станциясы
Суретті түсірген автор

ЖАУАПКЕРШІЛІК БАРШАҒА БІРДЕЙ

Теміржол бойында балалар қауіпсіздігі күн тақырыбындағы өзекті мәселеге айналғалы қашан. Жуырда Семейдегі желілік полиция бөлімінің тәртіп сақшылары «Көліктегі қауіпсіздік» акциясын қорытындылады.

Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу, балалардың беймезгіл уақытта бейсауат жүрісін болдырмау және олардың теміржол бойында жарақаттануын, жазатайым жағдайларға ұшырауын болдырмау мақсатында ұйымдастырылған акция шеңберінде Семей станциясындағы желілік полиция бөлімі аймақ көлеміндегі түрлі оқу орындарында, теміржол мекемелерінде арнайы дәріс сағаттарын өткізіп, сақтық шараларын сақтауға үндеген қыруар жұмыс жүргізді.

Айталық, бөлімшенің жол және қозғалыс

шаруашылығы мамандарының қатысуымен 6 рет түсіндіру шаралары өткізіліп, үш вокзалда қызметкерлермен кездесу өткен. Сонымен қатар, станция тұрғындарымен үш мәрте жиын ұйымдастырылып, төрт рет жолаушылар пойызында «дөңгелек үстіндегі кездесу» болған. Желі бойындағы мал-жан амандығын сақтау бойынша теміржолшылардың қатысуымен арнайы дөңгелек үстел де өткізілген.

Сонымен қатар, акция барысында үш рет рейд ұйымдастырылып, нәтижесінде 48 әкімшілік құқықбұзушылық анықталған. Түнгі мезгілде

жалғыз жүрген бір жасөспірім бөлімшеге жеткізіліпті. Теміржолды белгіленбеген жерден кесіп өткен бірнеше балақайдың ата-аналарына әкімшілік іс толтырылып, айып тағылған.

– Бастысы, акция аясында құқық бұзған жасөспірімдермен, олардың ата-аналарымен түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Теміржол – қауіпті аймақ. Өскелең буынның осыны терең түсінгенін қалаймыз. Жауапкершілік баршаға бірдей, Ал, заң талаптарын білмеу – жауапкершіліктен босатпайды, – дейді бұл орайда Семей станциясындағы ЖПБ әкімшілік полиция бөлімінің бастығы Рүстем Әбеуов.

Осындай алдын алу, ақпараттарды шараларының нәтижесі болса керек, сонғы уақыттарда бөлімше көлемінде балалар мен жасөспірімдердің қатысуымен орын алатын келеңсіз жайттар сиреген.

Абай ЕРТИС, Семей



ҚАЗАҚСТАН
ТЕМІР
ЖОЛЫ



ҚАЗКӨЛІККӘСІП

Бас редактор
Дина Мүздубаева
Бас редактордың орынбасары
Меруерт Өмірзақова

Газет басылатын қалалар:
Нұр-Сұлтан, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.
«ERNUR Print» ЖШС

Басылымның таралымы 11 340

Газет сейсенбі, жұма күндері шығады.

Газет шығару және тарату қызметімен
«Қазақстандық салалық теміржол,

автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады. © «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Кезекші редакторлар:
Л. Ровба, С. Бакесова

Меншікті тілшілер:

Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосымш Мұқашев 8-778-946-09-66
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
Маңғыстау: Шахида Жұманова 8-707-886-72-45
Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабыржан Надірбаев 8-778-409-78-59
Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
Жамбыл: Ерман Әбдиев 8-777-682-70-73
Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76
Қостанай: Аслан Құдабаев 8-705-267-44-00
Павлодар: Айдана Ертай 8-777-498-31-61
Ақтөбе: Ардақ Ерубеева 8-702-843-27-97
Шымкент: Нұрлыбек Досыбай 8-702-548-00-92

Редакцияның мекен-жайы:
Нұр-Сұлтан қ., Д.Қонаев көшесі 6.

тел: 8 (7172) 60-44-87, 60-44-88, 60-44-92

Газетті тарату жөніндегі менеджер
Асель Распаева,
тел.: 8 775 198 15 61,
e-mail: raspayeva.assel@mail.ru

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу куәлігі берілді.